

БЕКІТЕМІН

«КЕМЕНҒЕР» ғылыми-әдістемелік орталығының басшысы

Е. Баянды

«31» желтоқсан 2025 ж.



«Үздік педагог» республикалық байқауын өткізу ережелері - ҚАҢТАР

1. Жалпы ережесі

1. Осы Ереже «Кемеңгер» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастыратын «Үздік педагог» республикалық онлайн байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу мақсатын, міндеттерін, қатысу шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығының 1-қосымшасының 3-тарауының 3-параграфына сәйкес педагогтердің кәсіби қызметін қолдау, олардың әдістемелік және шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында өткізіледі.

3. Байқау қашықтық (онлайн) форматта жүргізіледі және еліміздің барлық өңірлеріндегі педагогтерге қолжетімді.

2. Байқаудың мақсаты:

Педагогтердің кәсіби жетістіктерін, шығармашылық белсенділігін және әдістемелік құзыреттілігін айқындау, қолдау және тарату; олардың ғылыми-әдістемелік еңбектерін жариялау арқылы ұстаз мәртебесін арттыру.

3. Міндеттері

1. педагогтердің ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру, кәсіби дамуына ықпал ету;
2. жаңа форматтағы сапалы оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге ынталандыру;
3. педагогтердің шығармашылық ізденісін қолдау және үздік материалдарды анықтау;
4. педагогикалық идеялармен, тәжірибелермен алмасу алаңын қалыптастыру;
5. педагогтердің жарияланған материалдары негізінде әдістемелік қор қалыптастыру.

4. Байқауды ұйымдастырушы

Байқауды «Кемеңгер» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырады. Орталық байқаудың барлық кезеңдерін үйлестіреді, материалдарды қабылдайды, сараптайды, бағалайды және нәтижелерін жариялайды.

5. Байқауға қатысушылар

Байқауға келесі білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады:

- мектепке дейінгі ұйым педагогтері;
- жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері;
- қосымша білім беру педагогтері;
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

6. Байқау жұмыстары **2026 жылғы 5 қаңтар – 27 қаңтар аралығында WhatsApp +7 771 181 2303 немесе kemengerustaz.kz@gmail.com** электронды поштасына қабылданады.

2026 жылғы 27 қаңтар сағат 18.00-ден кейін түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін Байқау жұмыстары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2026 жылғы 30 қаңтарда www.kemenger-ustaz.kz** сайтында орналастырылады.

7. Ұйымдастыру комитеті байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқылы. Байқаудың мерзімін ұзарту байқаудың әлеуетті қатысушыларын оны өткізу мерзімінің және қорытындыларды орналастыру мерзімінің өзгеруі туралы міндетті түрде хабардар ете отырып, ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша мүмкін болады: www.kemenger-ustaz.kz сайтта → республикалық байқаулар қашықтан → «Үздік педагог» байқауы.

8. Байқауға жеке жұмыс қабылданады. Қатысушы бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға бір қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды.

9. Байқауға қатысу үшін төмендегі көрсетілген жарнаны төлеу қажет:

1) жеке жұмыс **2000 (екі мың) теңге**;

Төлем жүргізіледі:

1) Kaspi.kz банк немесе Halyk bank арқылы жүргізіледі.

2) Kaspi.kz арқылы жүргізіледі: 1) *Kaspi.kz тіркелуі*; 2) *«Платежи» бөлімі*; 3) *«Доп. образование»*; 4) *«Kemenger ustaz.kz»*; 5) *қатысушы туралы мәлімет енгізу және төлем сомасын көрсету*; 6) *төлем түрін көрсету (Kaspi gold)*; 7) *төлем жасау*.

10. Төлем әрбір жұмыс үшін жеке жүргізіледі.

11. Байқауға қатысу үшін келесі құжаттарды **WhatsApp +7 771 181 2303 немесе kemengerustaz.kz@gmail.com** электрондық поштаға жіберу қажет:

1) қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) түбіртек көшірмесі немесе төлем туралы төлем тапсырмасы;

3) байқау жұмысы.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

12. Байқауға педагогтердің санаттарын ескере отырып, келесі номинациялар бойынша жұмыстар қабылданады:

1) «Тәрбие-білім беру қызметінің үздік циклограммасы» – мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері;

Бағалау өлшемдері: МББС мен мектепке дейінгі ұйымның бағдарламасына сәйкестігі; толықтығы мен құрылымдылығы; жұмыс түрлерінің әртүрлілігі; практикалық маңыздылығы және қолдану ыңғайлылығы; жанашылдығы мен креативтілігі; балалардың тәрбиелік қыры мен әлеуметтенуін ескеруі.

2) «Үздік сабақ жоспары» (пән бойынша сабақтан тыс қосымша сабақтар; үйірмелер, секциялар бойынша сабақ жоспарлары; сынып сағаттарының әзірлемесі) – мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері.

Бағалау өлшемдері: айқын құрылымдылығы (мақсаты, міндеттері, сабақ барысы, жұмыс түрлері, қорытындысы); белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолдану; пәнаралық байланыстар мен тәрбиелік әлеуетті пайдалану; білім алушылардың әртүрлі

деңгейіне арналған тапсырмаларды саралау; бағалау элементтерінің (қалыптастырушы, жиынтық) болуы.

3) «Тәрбиелік іс-шараның үздік сценарийі» – мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері (топ кураторлары, өндірістік оқыту шеберлері).

Бағалау өлшемдері: тақырыптың өзектілігі мен тәрбиелік құндылығы; идеяның өзіндік ерекшелігі, креативтілігі; қатысушыларды (балаларды, атааналарды, педагогтерді) тарту деңгейі; білім алушыларда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында құндылықтарды қалыптастыруы; практикалық нәтижелерінің (қорытындылары, әлеуметтік әсері) болуы; эмоциялық ықпалы мен безендірілу эстетикасы.

4) «Үздік әдістемелік ұсынымдар» (пәндер бойынша сыныптан тыс қосымша сабақтарды, үйірме және секциялық сабақтарды, сынып сағаттарын, тәрбиелік іс-шараларды, шығармашылық және спорттық сайыстарды өткізуге) – мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері.

Бағалау өлшемдері: ғылыми тұрғыдан негізделуі және әдістемелік тұрғыдан дұрыстығы; мазмұнның қолжетімділігі мен түсініктілігі; педагог үшін практикалық қолданылуы; тәсілдердің өзіндік ерекшелігі мен жаңашылдығы; ресімделуі (сауаттылығы, көрнекі құрылымы, қолдану ыңғайлылығы).

5) «Үздік ғылыми мақала» – мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері (топ кураторлары, өндірістік оқыту шеберлері).

Бағалау өлшемдері: тақырыптың өзектілігі және ғылыми-әдістемелік негізделуі; құрылымының логикалылығы, мазмұнның толықтығы; проблема мен шешу жолдарының дәлелді берілуі; педагогикалық тәжірибеге енгізу мүмкіндігі, практикалық маңыздылығы; авторлық көзқарастың жаңашылдығы; мәтіннің сауаттылығы, талапқа сай рәсімделуі; плагиаттың болмауы және дереккөздерді дұрыс көрсетуі.

13. Материал Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №20-3-20-7/1428-И хатына сәйкес республикалық басылымдар тізіміндегі (Қосымша 2) журналда жарияланған болуы тиіс.

14. Материалдар қазақ, ағылшын немесе орыс тілдерінде қабылданады. Байқау санаттар бойынша бағаланады: мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру.

15. Рәсімдеуге қойылатын талаптар: мәтін MS Word мәтіндік редакторда терілуі керек. Шрифт: Times New Roman; хәріп өлшемі - 12; жоларалығы - 1; парақтың сол жағы – 2 см, оң жағы – 2 см; жоғары және төмен – 2 см; тегістеу – ені бойынша, азат жол – 1 см).

16. Байқау жұмысының титул парағында мыналар көрсетіледі:

- облыс, аудан (қала), ауыл;
- білім беру ұйымының аталуы;
- қатысушының тегі, аты, әкесінің аты;
- санаты, қызметі; e-mail,
- байланыс мәліметтері.

17. Байқауға қатысушылар ұсынған материалдар қайтарылмайды, қатысушыларға сараптамалық қорытындылар берілмейді.

18. Қатысушы байқауға әдістемелік материалдарды ұсына отырып, төмендегі мәліметтерге кепілдік береді:

жұмыс жеке орындалады;

осы жұмыс бойынша автордың үшінші тұлғалар алдында байқауға

материалдар беруге кедергі келтіретін міндеттемелері жоқ; ешқандай дереккөздерге сілтемелері жоқ материалдар авторлық болып саналады.

19. Байқауға ұсынылған жұмыстардың мазмұны үшін байқауды ұйымдастырушылар жауапты болмайды. Авторлық құқықты бұзуға байланысты шағымдар тікелей жұмыс авторларына жіберіледі.

20. Интернет желісінен алынған басқа біреудің материалдарын пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқаудың жұмыстары бұрын ешбір сайтта жарияланбауы тиіс.

Байқауға басқа байқауларда қатыспаған жұмыстар қабылданады.

Ұйымдастыру комитетіне байқау материалдарының түсуі автордың аты-жөнін көрсете отырып, мерзімді баспасөзде жекелеген материалдарды ықтимал жариялауға, сондай-ақ авторға сілтеме жасай отырып, коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға (Интернетте орналастыру, баспа басылымдарында жариялау, көрмелер мен презентациялар өткізу кезінде ұсыну) келісімі ретінде қаралатын болады.

4. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

20. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Байқау жеңімпаздары әр бағыт бойынша I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

22. Дипломдардың, сертификаттардың электрондық нұсқалары www.kemenger-ustaz.kz сайтында жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады.

23. Анықтама телефондары:

8 700 970 00 98

8 771 181 23 03

Қосымша 1

«Үздік педагог» республикалық байқауына қатысуға өтінім

№ р/с	Қатысушының Т.А.Ә. (толық)	Облыс, аудан, қала, ауыл	Жұмыс орны, қызметі	Байқау номинациясы	Ватсап телефон, электронды пошта

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №20-3-20-7/1428-И хатына сәйкес облыстық, республикалық басылымдар тізімі

Зерттеу қызметін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізімі

Перечень рекомендованных изданий для публикации исследовательской деятельности

№	Басылымдар тізімі / Список изданий
2025 жылы енгізілген басылымдар тізімі	
97.	«ЎЗДИК ТАРБИЕШИ» республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы
125.	«JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY»
126.	«ЎЗДИК PEDAGOG JÝRNALY»
127.	«АНМЕТ БАИТУРСЫНУЛЫ ИЗБАСАРЛАРЫ»
128.	«USTAZ USTANYMY»
129.	«KEMEŃGER USTAZ.KZ»
130.	«USTAZ HАВ» Halyqaralyq aqparattyq ғылыми-әдістемелік журналы
216.	«ULAǴATTY USTAZ JOLY» Республикалық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы
223.	«ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕР ЖУРНАЛЫ» Республикалық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы
229.	«ӘДІСТЕМЕ ӘЛЕМІ ЖУРНАЛЫ» Республикалық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы
233.	«ҰСТАЗ ХАБАРШЫСЫ.KZ» Республикалық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы